ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

«БЕКІТЕМІН»
Филология және әлем тілдері
факультетінің деканы
__________ Джолдасбекова Б.У.
«_8_» __01__ 2021 жыл

# СЕМИНАР САБАҒЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Алматы, 2021

Семинар сабағына арналған әдістемелік нұсқаулығы қазақ тіл білімі кафедрасының отырысында талқыланып, ұсынылған.

«5» 01 2021 ж. № 17 хаттама

Кафедра меңгерушісі м.а. _______________ Ж.Б. Саткенова

Факультеттің әдістемелік кеңесі отырысында қаралды.

«8» 01 2021 ж. № 6 хаттама

Факультеттің әдістемелік кеңес төрағасы _______________ Л.В. Екшекбеева

## МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Мақсаты:** Силлабуста көрсетілген тақырып бойынша семинар сабағын ұйымдастыру;

**Міндеттері:**

– білім беру бағдарламасын игеру үдерісінде алған білімді, біліктілікті, дағдыны бекіту;

– семинар тақырыбына қатысты өзекті мәселелерді талқылау;

– заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану;

– семинар тапсырмасын орындау барысында немесе аналитикалық талдау жасау кезінде туындаған міндеттерді шешу.

## СЕМИНАР ТАПСЫРМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Білім алушының семинар тапсырмасы пән оқытушысымен бірігіп атқарылады. Семинар тапсырмасында орындауда білім алушы:

– семинар тақырыбы барысында қажет болатын деректерді жинақтау;

– берілген тақырып негізінде арнайы әдебиеттермен, оның ішінде отандық және шет елдік жаңалықтармен танысу;

– филологиялық зерттеулерді жүргізу;

– тақырып бойынша ғылыми ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және жүйелеу;

– алынған нәтижелердің шынайылығына сараптама жасау;

– семинар тақырыбының нәтижесін отандық және шет елдік зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру, т.б. басшылыққа алады.

## СЕМИНАР САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Семинар тапсырмасын білім алушы өзі орындайды. Семинар тапсырмасын орындау барысында жалпы басшылық пен бақылауды пән оқытушысы атқарады. Білім алушыға силлабуста көрсетілген тақырыптар мен тапсырмалар беріп, оған кеңестік көмек көрсетеді. Пән оқытушысы семинар сабағы барысына бақылау жүргізіп, семинар тапсырмаларын қабылдайды және тексеріп, бағалайды.

## СЕМИНАР САБАҒЫ БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Академиялық тәртіп ережелері:**

- Студент берілген тапсырмалардың барлығы өз уақытында орындалуы қажет. Студент әр сабаққа міндетті түрде қатысуы керек. Семинар сабағында белсенділік танытып, берілген тапсырмаларды ұқыпты орындауы керек. Бағалау кезінде студенттің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі. Семинар тапсырмаларын жоғары деңгейде орындаған студенттерге белсенділігін арттыру мақсатында қосымша жоғары баға қойылады.
- Студент семинар тапсырмаларын уақытында орындауға міндетті. Ал себепті жағдайлармен сабақтарға толық қатыса алмаған студент (себептілігін дәлелдейтін құжаты болған жағдайда) келесі сабақта тапсырмаларда тапсыруға болады және қосымша тапсырмаларды жоғары деңгейде орындаса, қосымша баға алу мүмкіндігіне ие болады.
- Тапсырманың барлық түрін көрсетілген мерзімде орындап, тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған немесе 50%-дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта орындап, тапсыруларына болады.
- Плагиат және басқа әділетсіз жұмыстарға жол жоқ. Тапсырма тапсыру барысында көшіруге және басқадан көмек сұрауға, басқа студенттің орнына емтихан тапсыруға жол берілмейді. Курстың кез келген мәліметін бұрмалаған студенттің қорытынды бағасы «F» болады.

**Академиялық құндылықтар:**

- Семинар тапсырмалары шығармашылық сипатта болуы керек.
- Бақылаудың барлық кезеңінде плагиатқа, жалған ақпаратқа, көшіруге тыйым салынады.
- Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді. Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СЕМИНАР ТАПСЫРМАСЫН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ

Білім алушылардың семинар тапсырмасын пән оқытушысы тексереді. Тапсырма нәтижесі дифференциалды балдық-рейтингтік әріптік баға жүйесімен бағаланады.

Пән оқытушысы **бақылаудың** 3 түрін өткізеді: АБ1, МТ (АБ), АБ2. Пән соңында қорытынды емтихан қабылданады.

АБ1, МТ (АБ), АБ2 пән оқытушысына білім алушының жұмысы жөнінде толық және анық мәлімет алуына мүмкіндік береді.

Қорытынды бақылау пән аяқталған соң іске асырылады. Пәннің қорытынды бағасы шығарылады.

**Семинар тапсырмасын бағалау.**

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі дәстүрлі бағалау және ECTS**

| Әріптік жүйе бойынша баға | Сандық эквивалент | Баллдары (%-дық көрсеткіші) | Дәстүрлі жүйе бойынша баға |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

Білім алушының жауабының толықтығын ескере отырып, қойылатын бағалардың неғұрлым жалпы сипаттамасын көрсететін бағалау шкаласы кестеде берілген:

| Бағалау | Критерийлер: |
|---|---|
| «Өте жақсы» | 1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілді;<br>2. Практикалық тапсырма толық шешілді;<br>3. Материал логикалық бірізділікті сақтай отырып сауатты баяндалған;<br>4. Шығармашылық қабілеттері көрсетілді. |
| «Жақсы» | 1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауаптар берілді, елеусіз қателіктерге жол берілді немесе нақты емес мәліметтер келтірді;<br>2. Практикалық тапсырма орындалды, алайда елеусіз қате жіберілді;<br>3. Материал логикалық бірізділікті сақтай отырып сауатты баяндалған. |
| «Қанағаттанарлық» | 1. Теориялық сұрақтарға жауаптар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, тұжырымдардағы дәлсіздіктер мен қисынды қателіктерге жол берілген;<br>2. Практикалық тапсырма толық орындалмаған;<br>3. Материал сауатты баяндалған, алайда логикалық жүйелік сақталмаған. |
| «Қанағаттанарлықсыз» | 1. Теориялық сұрақтарға берілген жауаптарда өрескел қателер болды;<br>2. Практикалық тапсырма орындалмаған; |

| | |
|---|---|
| | 3. Жауап баяндауда грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілді, логикалық жүйелілік сақталмаған. |

Семинар тапсырмасы нәтижесін бағалау үшін келесі әдістер қолданылады:

- семинар тапсырмасы барысында қадағалау жасау және олардың жеке жұмыс түрлеріне, сапасына сараптама жасау;
- семинар тапсырмасына сәйкес филологиялық, тілдік талдаулар жасау;
- пікір алмасу.

Семинар тапсырмасының қорытындысы тізімдемеде көрініс табады, бағалары көрсетіледі, қорытынды бағасы шығарылады.

**Семинар сабағының ӨТУ УАҚЫТЫ МЕН МЕРЗІМІ**

Семинар сабағы силлабуста көрсетілген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

**Пән аты ______________________________________**

| Р/с | Тақырыбы | Мақсаты | Формасы | Күтілетін нәтиже | Семинарға қосымша берілетін тапсырма түрі | Тапсырма орындауға қойылатын талаптар | Бағалау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1-семинар тақырыбы | | | ... ғылыми талдау жасау;<br>...түсіндіру;<br>...анықтау;<br>...талқылау; | Тест тапсырмалары<br><br>Талдау түрлері<br><br>Жаттығулар | - өз көзқарасын дәлелдей білу;<br>- айналасындағыларын өз пікіріне сендіре алу;<br>- түрлі дереккөздерден дәлелдер келтіріп, негіздей алу;<br>материалдарды жинақтап, лайықты ұсына білу | «Өте жақсы» – 11-9 балл<br><br>«Жақсы» – 8-6 балл<br><br>«Қанағаттанарлық» - 5-3 балл<br><br>«Қанағаттанарлықсыз» - 2-1 балл |
| 2 | 2-семинар тақырыбы | | | ...сипаттау;<br>... талдау;<br>...жіктеу;<br>...салыстыру; | | | |
| 3 | 3-семинар тақырыбы | | | ...көрсету;<br>...салыстыру;<br>...талдау;<br>...ерекшеліктеріне талдау жасау; | | | |
| 4 | 4-семинар тақырыбы | | | ...дәлелдеу;<br>...талқылау;<br>...негіздеу;<br>...бағалау; | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ...жинақтау. | | | |
| 5 | 5-семинар тақырыбы | | | ... ерекшеліктерін ажырату;<br>... тәжірибе жасау;<br>... құрастыру;<br>...қарсыласын сендіру. | | | |
| 6 | 6-семинар тақырыбы | | | ... ұсыну;<br>...шешім қабылдау;<br>... тәжірибе жасау;<br>... құрастыру;<br>...қорытындылау. | | | |
| 7 | 7-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 8 | 8-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 9 | 9-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 10 | 10-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 11 | 11-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 12 | 12-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 13 | 13-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 14 | 14-семинар тақырыбы | | | | | | |
| 15 | 15-семинар тақырыбы | | | | | | |

Оқытушы ___________________________________________